
Оқушылар арасындағы медиа және ақпараттық сауат

•2022 ж.




 KONRAD
ADENAUER
STIFTUNG

MediaNet
International Centre for Journalism




01 КІРІСПЕ



Оқушылардың
медиа сауат
деңгейін бағалау




Ел көлемінде жалпы
орта білім беретін
мектептердің 9-сынып
оқушылары
арасындағы онлайн
сауалнама (n=5922)





02 Оқушылардың Интернет ресурстарды пайдалану тәжірибесі

Интернетке қандай құрылғыдан кіресіз?



* Жалпы мәліметтер және жынысы мен тұрғылықты жеріне қатысты деректер

Күніне орта есеппен қанша уақытыңызды интернетте және әлеуметтік желіде, соның ішінде мессенджерде өткізесіз?



Интернет желісі мен әлеуметтік желідегі белсенділік түрлері



03 Интернет желісіндегі ақпаратты пайдалану машығы

Интернет желісіндегі ақпаратты пайдалану машығы



Интернет желісіндегі ақпаратты қорғау және қауіпсіздік принципін сақтау машығы



Интернет желісінде ақпарат тарату машығы





Интернеттегі ақпаратты сыни пайым тұрғысынан қабылдау машығы



04 Мектептегі медиа сауат курсы

Сіз оқитын мектепте Интернет ресурстарын дұрыс және қауіпсіз пайдалануға арналған сабақтар, сынып сағаттары және іс-шаралар өте ме?*



Мектепте ақпаратты іздеу және тексеру, жеке деректерді қорғау және Интернеттегі қауіпсіздік бойынша сабақ болуы керек пе, қалай ойлайсыз?

05

Қорытынды



Мобильді Интернет трендте

Оқушылардың басым көпшілігі (92,1%) көбінесе Интернетке ұялы телефон/смартфон арқылы кіреді, бұл тұрғылықты жеріне қарамастан, техникалық және телекоммуникациялық желілердің бар екенін және қамтамасыз етілгенін көрсетеді.



Интернеттегі негізгі белсенділік – қарым-қатынас

10 оқушының 9-ы күн сайын Интернетті мессенджерде және әлеуметтік желіде қарым-қатынас құру үшін қолданады.

10 оқушының 8-і күн сайын YouTube желісін қолданады.

10 оқушының 8-і күн сайын Интернетті білім алу мақсатында пайдаланады.

10 оқушының 5-еуі ғана күн сайын елдегі және әлемдегі маңызды оқиғаларға қатысты жаңалықтар көріп, ақпарат іздеу мақсатында Интернетті қолданады.



Медиа сауат сабағы қажет

Қала мектептері мен орыс тілінде және басқа тілде оқитын оқушылармен салыстырғанда, ауыл мектептері мен қазақ тілінде білім беретін мектеп оқушылары өздері оқитын мектепте интернет ресурстарды пайдаланудың қауіпсіздігі тақырыбына назар аударылатынын көбірек көрсеткен.

Сауалнамаға жауап берген әр екінші оқушы (56,6%) мектепте медиа сауат сабағы қажет деп санайды.



Интернет – қауіпті емес, бірақ құпиялық қажет

Оқушылар Интернетті қауіп-қатер тудыратын нәрсе деп санамайды. Желідегі қауіпсіздік мәселесіне қатысты немқұрайлықты әр екінші оқушы Интернетте жасыратын ештеңем жоқ деп түсіндірген. Сөйте тұра оқушылардың көпшілігі аккаунттарына ата-анасының бақылау жасауын қолдамайды.



Оқушылардың көпшілігі Интернеттегі негізгі қауіпсіздік ережелерін сақтайды

Сауалнамаға қатысқан оқушылардың көпшілігі Интернеттегі ақпаратты қорғаудың негізгі машықтары ретінде екі деңгейлі қорғанысты пайдалану, әлеуметтік желіде бейтаныс адамдармен байланысты шектеу және бейтаныс адамнан келген хабарламаны елемеу, әртүрлі сервиске әртүрлі пароль қолдануды көрсетеді.



Кеңейтілген емес, қарапайым ақпарат іздеу көбірек тараған

Оқушылар Интернеттен ақпарат іздеген уақытта дереккөзді анықтау және сұрауды дұрыс жазудан аса қиналмайды, сондықтан көп жағдайда олар ақпарат іздеуге көп уақытын жұмсамайды.

Оқушылар сұрау нәтижесін ұсынған бірінші беттегі ақпаратты қараумен шектелмейді. Өздігінен, мейлінше тәжірибелі адамдардың көмегінсіз ақпарат іздеуді дұрыс көреді. Сұрауды көп жағдайда жалпылама жазады, қосымша фильтрлер мен арнайы символдарды қолданбайды



Ақпаратты сыни пайым тұрғысынан қабылдауды ақпарат көздерінің сапасына емес, санына қарап бағалайды

Сауалнамаға қатысушылар белгілі бір уақыт аралығында әлеуметтік желідегі жазылымдары мен контактілерді тазалап отырады, бірақ олардың желідегі белсенділігі мен лентада біртекті ақпараттың шығуына жеткілікті назар аудармайды.

Ақпаратты сыни тұрғыда қабылдау машығы ұсыныстар мен қосымша терезеден ашылатын ақпараттарды елемеу, сонымен қатар түрлі көзқарасты салыстыру үшін әртүрлі дерек көзін пайдалану әрекетінен көрінеді. Дегенмен, референтті ақпарат көздерінің тізімін жасауға жеткілікті мән бермейді.



Жалған ақпаратты ажырата алатын қабілетім бар деген көзқарас қалыптасқан

Оқушылардың басым көпшілігі жалған ақпарат пен рас ақпараттың ара-жігін ажырата алатынына сенімді. Әлеуметтік желі мен мессенджер арқылы тарайтын ақпаратқа күмәнмен қарап, ақпаратты таратпас бұрын басқа дерек көздері арқылы тексеру машығы бар деп санайды. Дегенмен, фактчекинг бойынша арнайы ресурстарды пайдалану аса кең тарамағанын көруге болады.